



20 20 ЖЫЛҒЫ "21" ақпан

" " " 20 \_\_\_\_ года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Талдықорған қаласы

№ 2 дана

**I. Кіріспе бөлік**

**1.1 Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:** «Талдықорған қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан былай – Мекеме). Алматы облысы Әділет департаментінің Талдықорған қалалық Әділет басқармасында Заңды тұлға ретінде 2003 жылдың 30 шілдесінде тіркеуден өтіп №766-1907-01-ММ нөмірі берілген. Бизнес сәйкестендіру нөмірі 03040004062. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ41070103KSN0922000, мекеменің коды 1121001.

Мекеменің орналасқан жері: Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Абай көшесі №256 үй.

**1.2 Аудиторлық іс-шараның атауы:** Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы.

**1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты:** Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы және өңірлердегі жеке тұрғын үй құрылысының және су ресурстарын басқарудың және халықтың ауыз суға қол жеткізуінің дұрыстығына аудит жүргізу.

**1.4 Мемлекеттік аудиттің мәні:** 001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»;

**1.5 Аудиттің типі, тексерудің түрі:** Сәйкестік аудиті.

**1.6 Мемлекеттік аудит тобының құрамы:** Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторы Орманов Баглан Ануарович, 2016 жылғы 05 желтоқсанындағы №1182 сертификаты.

**1.7 Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма:** Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Ж.Үсенбаевтың 2020 жылғы «11» ақпандағы №02-16/7.1–60–Т аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырма.

**1.8 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2018 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2019 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғанда.

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

008740

**1.9 Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2020 жылдың 12 ақпанында бастап 21 ақпанын қоса алған аралығы.

**1.10 Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:**

2020 жылғы 11 ақпандағы «Аудиторлық іс – шараны, тексеруді жүргізу туралы» № 02-13/288 хабарламасы беріле отырып, «Талдықорған қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің хатшысы Ахажан Темірболат Жанболатұлының келісімімен және мекеменің бас маманы Баешева Жанар Мажитовнаның қатысуымен жүргізілді.

Аудит қамтылған ауқымында бірінші қол қою құқығы 2016 жылдың 24 наурызынан, 2019 жылдың 15 шілдесіне дейін Булдыбаев Кайрат Найманбаевичта болған, 2019 жылдың 09 тамызынан бастап бүгінгі күнге Ахажан Темірболат Жанболатұлы.

Екінші қол қою құқығы аудитпен қамтылған мерзім аралығында 2016 жылдың 03 мамырынан бүгінгі күнге дейін Баешева Жанар Мажитовна.

**1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі:** Үстеме тексеру жүргізілген жоқ.

**1.12 Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:** Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман-мемлекеттік аудитормы М.Ботабеков 2016 жылдың 1 наурызынан бастап 2017 жылдың 31 желтоқсанын қоса алған кезеңді қамтып, аудит жүргізген. Аудит қорытындысы бойынша негізсіз төленген 17,0 мың теңге іс-сапар шығындары анықталып, аудит барысында бюджет есебіне қайтарылған. (Аудиторлық есеп 2018 жылдың 22 қаңтарында жазылған).

Тексеру комиссиясының бақылауда тұрған Аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен тапсырмалық тармақтары жоқ.

**II. Негізгі бөлік**

**2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:**

*Жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі:*

**2.1.1. Мемлекеттік аудит көрсеткіші:**

Мәнділік, аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателердің көлемі.

*Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) мәселелері:*

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауының, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын дұрыстығы.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігі.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын аялдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы.

6. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығы.

7. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігі.

8. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

**2.1.1.2. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:**

***1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауының, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі.***

**2018 жыл:**

001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 24669,0 мың теңге жоспарланып, нақты шығысталғаны 24668,2 мың теңге болып, 100% игерілген.

003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 584,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты шығысталғаны 584,0 мың теңге болып, 100% игерілген.

**2019 жыл:**

001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 26689,0 мың теңге жоспарланып, нақты шығысталғаны 26687,4 мың теңге болып, 100% игерілген.

003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 688,0 мың теңгеге жоспарланып, нақты шығысталғаны 688,0 мың теңге болып, 100% игерілген.

Кезекті қаржы жылына бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша әкімшілік шығыстар бюджет комиссиясы мақұлдаған бюджеттік өтінімде ұсынылған функционалдық және экономикалық сыныптама бойынша ерекшеліктердің құрылымын ескере отырып, шығыстардың есептері негізінде қабылданған жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттың шешімдеріне және жергілікті бюджеттерді іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулыларына сәйкес жоспарланған.

2018 жылы 28 ақпандағы №153, 23 сәуірдегі №174, 02 тамыздағы №204, 22 қарашадағы №227 мәслихатын шешімдері негізінде өзгерістер енгізіліп 5294,0 мың теңгеге ұлғайған.

2019 жылы 20 наурыздағы №259, 20сәуірдегі №206, 04 маусымдағы №291, 11 қыркүйектегі №316 және 04 желтоқсандағы №336маслихатын шешімдері негізінде өзгерістер енгізіліп 6345,0 мың теңгеге ұлғайған.

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидалары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі» талаптары басшылыққа алынған және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелерінің» бюджеттік бағдарламалардың бюджеттік сыныптама кодтарына және экономикалық классификатор ерекшеліктеріне сәй бағытталынған(1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат аудиторлық есебіне №4 қосымшада қоса тіркелді).

Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

## **2.Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын дұрыстығы.**

Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуы жүргізу» қағидасы негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген.

Есеп айырысу операциялары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 4.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне» сәйкес жүргізілген. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен келісім шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 Нысанына«Шығындардың жиынтық есебі» сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 Нысан «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ.

Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын

жұмсау және жоспардан артық тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған. Кассалық операциялар жүргізілмеген.

Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

**3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы.**

2018 жылы «Талдықорған қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің штаттық кестесі бойынша мемлекеттік қызметкерлер 6,0 бірлік бекітіліп, бір айлық еңбекақы қоры 739,6 мың теңге қаралған.

Штаттан тіс азаматтық қызметкерлер 2,0 бірлік бекітіліп, бір айлық еңбекақы қоры 104,3 мың теңге қаралған.

2019 жылы «Талдықорған қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің штаттық кестесі бойынша мемлекеттік қызметкерлер 6,0 бірлік бекітіліп, бір айлық еңбекақы қоры 859,6 мың теңге қаралған.

Штаттан тіс азаматтық қызметкерлер 2,0 бірлік бекітіліп, бір айлық еңбекақы қоры 142,3 мың теңге қаралған.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексі», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және 2017 жылғы 16 қазандағы №646 «Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес мемлекеттік қызметте атқарған жұмыс өтілі бойынша белгіленген коэффициенттері базалық лауазымдық жалақыға көбейту негізінде айқындау арқылы есептелініп, төленген.

Азаматтық қызметкерлердің айлық еңбекақыларын есептеу және төлеуде Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V «Еңбек кодексі» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесін бекіту туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Еңбекке жарамсыздық парағы 28.12.2015 жылғы №1103 «Әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау, төлеу сонымен қатар оның мөлшерін анықтау ережелерін бекіту туралы» қаулысы және оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес есептелініп төленген.

2018 жылы:

001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 112 қосымша ақшалай төлемдер ерекшелігінен 5641,0 мың теңге еңбекақыға үстеме және қосымша ақылар есептеліп, төленген.

2019 жылы:

001 «Жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 112 қосымша ақшалай төлемдер

ерекшелігінен 6347,8 мың теңге еңбекақыға үстеме және қосымша ақылар есептеліп, төленген.

Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларына үстеме және қосымша ақыларды төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.08.2001 жылғы №1127 «Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға арналған мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

#### ***4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігі.***

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында іс-сапар шығындарына мекемеде 2018 жылға 136 ерекшелігі бойынша –48,9 мың теңге, 2019 жылға – 32,3 мың теңге төленген, 161 ерекшелігі бойынша 2018 жылы 9,7 мың теңге, 2019 жылға – 407,6 мың теңге төленген.

Аудитпен қамтылған мерзім аралығында іссапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйегіндегі №1428 «Қазақстан Республикасы аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» (11.05.2018ж. №256 кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережесіне сәйкес жүргізіліп іс сапар шығындары жеке карт шоттарына аудару арқылы жүргізілген.

Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

#### ***5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы.***

Мекеме балансында өз ғимараты жоқ. «Талдықорған қалалық әкімшілік аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратында орналасқан.

Мекеме басшысы мен қызметкерлері пайдаланатын алаңдары және қызметтік автокөліктің саны Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 «Мемлекеттік органдарын қызметтік және кезкеші автокөліктерімен, офистік жихаздармен, телефон байланысы, мемлекеттік органдарының аппаратын алаңдармен қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес келеді.

Мекеменің теңгерімінде 1 автокөлігі «Ssang Yong Chairman W» бар мемлекеттік тіркеу нөмірі 815AV05(2019ж.-№031AS05, TOYOTA A №405AS05).

Қызметік автокөліктерді пайдалану шығындары, жанар-жағар май шығындары, қосалқы бөлшектерге арналған шығындар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 «Жанар-жағармай материалдары

шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес негізделіп есептеліп шығысталған, қосалқы бөлшектерге арналған шығыстар ақаулық актілердің негізінде есептен шығарылған, сонымен бірге:

**1-Тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 «Мемлекеттік органдарын қызметтік және кезкеші автокөліктері, офистік жихаздары, телефон байланысы, мемлекеттік органдарының аппаратын алаңдармен қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы» бұйрығы мен Алматы облысының әкімінің 18.22.2019 ж. №10-ө-н/к өкімімен Қалалық маслихат аппаратының қызметтік автокөлігіне 1 (бір) айға 2000 шаршы шақырым(ш.ш.) жүрүгешектеу (лимит) бекітілген, бірақта мекеме қызметтік автокөлігі 2019 жылдың наурыз айында 2945 ш.ш., сәуір айында 3200 ш.ш., шілде айында 2335 ш.ш. жүрілген, немесе бекітілген шектеуден артық 2480 ш.ш. жүріліп, 300 л. АИ-95 жанар-жағар майы жалпы құны 50,4 мың теңге пайдаланған (*Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 01.10.2018 жылғы №18-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталған бұзушылықтар сыныптаушы» 2.1.1.9. тармағы, №5 қосымша, Әкім өкімі, жол жүру парақтары мен жанар май тарату ведомосы көшірмелері 10 парақта, бас маман Ж.Баешеваның түсініктемесі 1 парақта қоса тіркелді*).

**6.Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын.**

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексі, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу» қағидасына сәйкес жасалған; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет корсету ережесі басшылыққа алынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырылғы есеп жүргізілген. Тоқсандық, жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығының мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

**7.Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігі.**

2018 жылы 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша Талдықорған қалалық маслихатының 2018 жылғы 23 сәуірдегі №174 маслихатын шешімімен 584,0 мың теңге қаражат қарастырылған, 2019 жылы 003 «Мемлекеттік органның күрделі

шығыстары»бағдарламасы бойынша Талдықорған қалалық маслихатының 2019 жылғы қыркүйектегі №316 маслихатын шешімімен 688,0 мың теңге қаражат қарастырылған.

2018 жылы 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»бағдарламасы бойынша, 414 ерекшелік «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» бойынша 3 келісім шарт жасалынып,басшының үстелі, офистікқосымша үстелі және оргтехникаға арналған тумба сатып алуға жалпы сомасы 584,0 мың теңге жұмсалғанжәне келісім шартын орындалуы талабына сай болған.

2019 жылы 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша, 414 ерекшелік «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» бойынша 6 келісім шарт жасалынып принтер,компьютер, жылыту құралы, тоназытқыш,телефон аппараты және ҚР гербысатып алуға 688,0 мың теңге жұмсалған және келісім шартын орындалуы талабына сай болған(*Бақылау өлішемі (тексеріп қарау) АКТІСІ № 7 қосымшада қоса тіркеледі*).

Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

**8. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.**

Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында өзге сұрақтар туындаған жоқ.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1.Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:**

**3.1.1.Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлішемшарттарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:**

Аудит бағдарламасында көрсетілген 8 сұрақтың нәтижесі бойынша анықтығымен дұрыстығына аудит жүргізілді. Аудит бағдарламасының басқада мәселелері бойынша жоспарланып, жұмсалған қаражаттардың, жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес игерілгені анықталды. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде мекемеге бөлінген бюджет қаражаты мен теңгеріміндегі мүлік жалпы алғанда қанағаттанарлық дәрежеде және заңнамаларды қолданыстау кезіндеҚазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бұйрығыныңталабыбұзылуына жол берілгендігі анықталды.

#### **3.1.2. Аудиторлық іс-шараның негізгі нәтижелері:**

Жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесі бойынша мемлекеттік мекемеде аудит мақсатына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан

Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателердің көлеміне, ал мекеменің қазіргі лауазымды тұлғаларының заң бұзушылықтарға жол бермеуіне жауапкершілік алуларын, бюджетке келтірген нұқсанның аудитпен қамтылған қаражат көлеміне шаққанда пайыздық мөлшері аз екенін ескере отырып, қанағаттанарлық деңгейде деген пікір ұсынылады.

**3.2.Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер:** Мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

**3.3.Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:**Мемлекеттік аудит барысында артық шығысталған жанар-жағармайдың құны 50,4 мың теңге жергілікті бюджетке төленді(№6 қосымша, 20.02.2020ж. төлем түбіртек көшірмесі тіркеледі).

#### **IV. Қосымшалар:**

1)Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №1 қосымша (3 - парақта);

2) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап №2 қосымша (2-парақта);

3) Ұсыным хат№3 қосымша (1-парақта);

4)1–Кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды орындау туралы ақпарат (№4 қосымша 2-парақта);

5) Түсініктеме, дәлелдеме құжаттар көшірмелері№5 қосымша (11-парақта);

6) Төлем тапсырмасы түбіртегінің көшірмесі №6 қосымша (1-парақта);

7) Бақылау өлшемі №7 қосымша (2-парақта);

8) Тексеру жүргізілген құжаттардың Тізбесі №8 қосымшасы (1-парақта);

9)Аудит объектісінің Құрылтай және басқада құжаттарының (анықтама, ереже т.б.) көшірмелері №9 қосымша (12 парақта);

#### **Тексеру комиссиясының қызметкері:**

Бас маман –мемлекеттік аудитор

 Б.Орманов

**Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:**

\_\_\_\_\_  
(лауазымы)

\_\_\_\_\_  
(қолы, аты-жөні, тегі)

Аудиторлық есеп 2 (екі) дана жасалды.

бірінші дана № 008739 бланкте «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;

екінші дана № 008740 бланкте «Талдықорған қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне;